

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.343-345

## **АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІН ОРНАЛАСТЫРҒАНДА ТАБИҒИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ЕСКЕРУ МӘСЕЛЕСІ**

*Қали А.*

Жерге орналастыру шеңберінде бір қатар құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және техникалық шаралар кешені қарастырылады. Осы шараларды жүзеге асырудың басты мақсаты бір қатар әдістер арқылы ауылшаруашылық өндірісінің жалпы экономикалық тиімділігін барынша арттыру [1]. Дегенмен кейбір жағдайларда, тек жерге орналастыру әдістері арқылы бұл мәселені тиісті деңгейде шешу мүмкін емес немесе бір қатар қиыншылықтарға соқтырады. Сондықтан аталған проблеманың көлемінде кейбір мәселелерді кеңірек аспектіде қарастырған дұрыс. Соңғыларының қатарына табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларды толығырақ ескеру және осының негізінде территорияны ресурстік потенциалы бойынша аймақтау мәселесі жатады.

Территорияны табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларын ескере отырып аймақтау жөніндегі ұсынылмақ болып отырған әдістеме алдымен жерге орналастырудың шаруашылықаралық түріне қатысты және соңғысының шеңберінде жүзеге асырылуға тиісті. Шаруашылықаралық жерге орналастырудың басқа жобалық міндеттермен қатар (жерді үлестіру, санаттарға жатқызу және басқалары) қарастырылатын аса маңызды мәселерінің бірі – аграрлық саланың өндіргіш күштерін, территорияның табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларын ескере отырып, дұрыс орналастыру және осы арқылы оның экономикалық тиімділігін, бәсекелестік қабілеттілігін едәуір арттыру болып табылады [2].

Қарастырылып отырған проблеманы тиісті деңгейде шешу шарттарының бірі жерге орналастырулық жобалау жұмыстарын жүргізуден бұрын территорияны, оның табиғи және әлеуметтік-экономикалық потенциалын жан-жақты бағалай отырып, аймақтау болып табылады. Аймақтаудың негізгі мақсаты – белгілі бір территорияның ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге, жеке өнімдерді өндіруге қолайлылығын анықтап, шаруашылықаралық жерге орналастыруды жүргізу барысында орналастырылатын аграрлық өндірістің және сол аймақтың инфрақұрылымдық жабдықталуының барлық элементтерін барынша тиімді орналастыру. Территорияның табиғи және экономикалық факторларын ескере отырып, барлық ресурстік потенциалын бағалау арқылы аймақтаудың нәтижесінде, шаруашылықаралық жерге орналастыруды жүргізудің

каркастық негізі қалыптастырылуға тиісті. Соңғысы ішкі шаруашылық жерге орналастыруды жүргізу барысында да пайдаланылуы мүмкін - ауыл шаруашылық алаптар мен ауыспалы егістіктерді, дақылдарды және т.б. орналастырғанда.

Жалпы алғанда, территорияны ресурстік потенциалы бойынша аймақтау екі негізгі құрамдас бөліктерден тұрады деуге болады – агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық аймақтаудан. Осыған сәйкесті зерттелуге тартылған объектің бір жағынан табиғи-климаттық, екінші жағынан, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары кешенді түрде бағалануға тиісті. Бұл ғылыми-әдістемелік міндетті жүзеге асыру барысында территорияның бүкіл, ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігіне, оның өнімдерінің бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін факторлар зерттеледі. Қарастырылып отырған факторлардың барлығы ауыл шаруашылық өндіріске бірдей ықпал жасауы мүмкін емес. Осыған себепті олар талдауға тартыла отырып, арасынан ең маңыздылары анықталады [3].

Осы әдістемелік міндетті орындаудан бұрын, талдауға алынған зерттеу объектісінің табиғи-климаттық жағдайлары мұқият қарастырылады. Аталған факторлардың ең маңыздыларына, бірінші кезекте, түсетін жауын-шашын мөлшері мен топырақтың құнарлылығы жатады. Осы екі табиғи фактор ауыл шаруашылық өндірісінің экономикалық нәтижелерін 70%-80% деңгейде себептейді екен. Сондықтан агроклиматтық аймақтау алдымен қарастырылып отырған екі факторды бағалау нәтижелеріне бірінші кезекте негізделуге тиісті.

Агроөндірісінің экономикалық тиімділігі, табиғи жағдайлармен бірге, айтарлықтай жоғары деңгейде бір қатар әлеуметтік-экономикалық факторлардан тәуелді. Соңғыларына қоныстану жүйесінің сипаты, елді мекендердің өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдармен жабдықталу деңгейі, жол торабы мен оның сапасы және т.б. жатады.

Осылардың арасында басты факторға, зерттеулердің көрсетуінше, нақты өндірістің өнім тапсыру және қызмет көрсету орталықтарынан орналасу қашықтығы болып табылады екен. Олар ауыл шаруашылық өндірістегі шығындардың едәуір бөлігін (30% дейін) тасымалдау шығындары құрайтынына және агроөндірістің кеңістікте бытыраңқы орналасуына байланысты.

Жалпы түрінде территорияны табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескере отырып, жерге орналастыру мақсаттарына аймақтау екі этапта келесідей әдістемелік жүйелілікте орындаған дұрыс:

I-этап - ауыл шаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігіне ықпал жасайтын табиғи және экономикалық факторларды анықтап талдау; территорияның агробиологиялық және экономикалық потенциалын бағалау; территорияның ресурстік потенциалын анықтау; территорияны кешенді ресурстік потенциалы бойынша аймақтау;

II-кезең - жер пайдаланушылықтардың тиімді аудандарын анықтап, оларды аймақтау схемасының негізінде орналастыру; жер пайдаланушылықтардың қолайлы алаптық құрамын белгілеп, межелерін

жобалау; ландшафттық картаның негізінде ішкішаруашылық территорияны микроаймақтау; ауылшаруашылық алаптар мен дақылдарды және тағы да басқа, ішкішаруашылық территориялық реттілікке жататын элементтерді микроаймақтау негізінде орналастыру.

### Әдебиеттер тізімі

1. Гендельман М.А., Қырықбаев Ж.Қ. Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері - Астана, «Фолиант», 2004 ж. 152 б.

2. Қырықбаев Ж.Қ., Жанбекова Д.А. Жерге орналастыру – ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекелестік қабілеттілігінің факторы ретінде – Астана, «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-нің ғылым жаршысы», №2(45)2007ж., 209-211 б.

3. Қырықбаев Ж. Қ., Ахметов Е.С., Жұпархан Б. Қазіргі жерге орналастыру-дың және кадастрдың теориясы мен тәжірибесі. Оқу құралы // Алматы, «Эверо», 2014, 96б.

4. Zhuparova A., «Innovation: the barriers and factors of development in Kazakhstan»

26th International-Business-Information-Management-Association Conference.2015y Madrid, Spain.

*Ғылыми жетекші: Қырықбаев Ж.Қ., э.ғ.к., профессор*